

**"Жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсаттар беру қағидаларын бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрінің міндетін атқарушының
2014 жылғы 19 желтоқсандағы № 18-04/675 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 6 тамыздағы № 18-03/725 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 13 қазанда № 12163 болып тіркелді

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. «Жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсаттар беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрінің міндетін атқарушының 2014 жылғы 19 желтоқсандағы № 18-04/675 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10168 болып тіркелген, 2015 жылғы 6 ақпандағы «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер е н г і з і л с і н :

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсаттар беру қағидаларында :

9-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) өтінім беруші қол қойған, аң аулауды қоспағанда жануарлар дүниесі объектілерін алып қоюға қатысатын адамдар тізімі.»;

Жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсаттар беру қағидаларына 1-қосымша осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік т і р к е л у і н ;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға ж і б е р і л у і н ;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауыл шаруашылығы министрі

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
А. Мамытбеков*

« К Е Л І С І Л Г Е Н »
Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму министрі
Ә. Исекешев

2015 жылғы 14 қыркүйек

« К Е Л І С І Л Г Е Н »
Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі
Е. Досаев

2015 жылғы 7 қыркүйек

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2015 жылғы 6 тамыздағы
№ 18-03/725 бұйрығына қосымша
Жануарлар дүниесін пайдалануға
рұқсаттар беру қағидаларына
1-қосымша
Нысан

(жергілікті атқарушы органның атауы)
(наименование местного исполнительного органа)

жануарлар дүниесін пайдалануға
РҰҚСАТ № _____
Р А З Р Е Ш Е Н И Е
на пользование животным миром

1. Берілді/выдано: _____
(ұйымның атауы және заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі, жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және жеке сәйкестендіру нөмірі /
наименование организации и бизнес-идентификационный номер юридического лица, фамилия, имя, отчество (при его наличии) и индивидуальный идентификационный номер физического лица)
Аң аулау орны (аңшылық шаруашылығы, учаске)/
место охоты (охотничье хозяйство, участок)

Аулау мақсаты: (әуесқойлық (спорттық), кәсіпшілік аң аулау, ұстап алу/
цель изъятия: (любительская (спортивная), промысловая охота, добыча трофея) _____

Ұстап аланатын жануарлар дүниесі объектілері / добываемые объекты животного мира

Жануар түрі/ вид животного	Жыныстық-жас құрамы (қоңыр аю, тұяқты жануарлар және қажет болған жағдайда құс үшін жыныстық жас құрамы)/ половозрастной состав (для бурого	Саны (дарақ)/ количество (особей)	
-------------------------------	--	--------------------------------------	--

	медведя, копытных животных, и в случае необходимости для дичи)	Алып қою мерзімі/срокы изъятия
		____ ж. «__» _____ ____ ж. «__» _____ с «__» _____ Г по «__» _____ Г
Берілген күні / дата выдачи «__» _____ ж./г.		
Берген / выдал: _____		
Атқарушы органның мөрі орны/ Место печати местного исполнительного органа		
(Жануарлар дүниесін пайдалауға рұқсат алған ұйым толтырады/ заполняется организацией, получившей разрешение на пользование животным миром)		
2.	Аңшы/охотник _____	
	(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) / (фамилия, имя, отчество (при его наличии))	
Аңшы	куәлігі	(сериясы, нөмірі, берілген күні)/
удостоверение	охотника	(серия, номер, дата выдачи)